

«6D075100 – Информатика, есептеу техникасы және басқару» мамандығы
бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға

Даркенбаев Даурен Кадыровичтің

**«Үлкен өлшемді деректі өндеге арналған сандық модельдеу және
бағдарламалық қамтама құру»**

тақырыбына орындаған диссертациялық жұмысына докторанттың

ғылыми кенесшісі,

ф.-м.ғ.д., профессор Г.Т.Балакаеваның

ПІКІРІ

Д.К.Даркенбаевтың диссертациялық жұмысы үлкен өлшемді құрылымданбаған деректі өндеге DataMining әдістерін қолдана отырып, ұзақ мерзімге ипотекалық несие алушы жеке тұлғалардың төлем қабілеттерін анықтайтын жүйе моделі мен бағдарламалық қамтамасын құруға арналған.

Әлемде күн сайын, тіпті сағат сайын деректердің өсуі байқалуда. Үлкен өлшемді деректерді өндеге және сақтау бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Қазіргі таңда, мемлекет тарарапынан көптеген бағдарламалар ашылып, жастарды тұрғын үймен қамту мәселесі оң шешімін табу үстінде. Сонымен катар, үлкен өлшемді деректерді өндеге негізінде жеке тұлғалардың ұзақ мерзімге ипотекалық несие алу кезіндегі төлем қабілеттерін анықтап, сәйкесінше шешім қабылдауға ықпал ететін жұмыстарды автоматтандыру ғылым мен техниканың бүгінгі таңдағы міндеттерінің бірі болып отыр. Сондықтан шетелдік тәжірибелерді негізге ала отырып, мәселелерді шешу өте маңызды. Үлкен өлшемді деректерді өндеге жаңа моделдер мен алгоритмдерді құруға арналған бұл жұмыс өзекті болып табылады.

Д.К.Даркенбаевтың зерттеу жұмысында үлкен өлшемді құрылымданбаған деректерді өндеге MongoDB дерекқоры қолданылған және машиналық оқыту алгоритмдері қолданыс тапқан. Деректер қорын басқару жүйесі мен деректерді интеллектуалды талдау алгоритмін интеграциялау арқылы құрылған бағдарламалық қамтама, жеке тұлғалардың төлем қабілеттерін болжай жұмыстарын толық автоматтандырып отыр. Үлкен өлшемді деректерді өндеге әдістері салыстырылып, тиімді әдіс таңдалып, қолданыс тапқан. Зерттеу жұмысының нәтижелері жоғары дәлдіктерді көрсетіп отыр.

Жұмыс нәтижесі бойынша барлық қойылған міндеттер орындалған. Зерттеу жұмысы барысында келесідей нәтижелерге қол жеткізілген:

- Үлкен өлшемді құрылымданбаған деректерді өндеге арналған бағдарламалық қамтама құрылған;
- Жекелеген тұлғалардың төлем қабілетін анықтауға арналған классификациялық алгоритмдерге талдау жасалған.
- Құрылымданбаған үлкен өлшемді деректерді өндеге DataMining әдістері тиімді қолданылып, ал сақтауда MongoDB дерекқоры сәтті қолданыс тапқан, сонымен катар азаматтардың төлем қабілетін анықтау алгоритмі құрылған.

Зерттеу тақырыбы бойынша алынған нәтижелер ғылыми басылымдарда, оның ішінде Scopus деректер базасына кіретін «News of the Academy of science of the Republic of Kazakhstan» және «Journal of Theoretical and Applied Information Technology» журналдарына басылып шығарылған. ҚР Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің ұсынған журналдарында зерттеу тақырыбы бойынша 6 еңбегі жарық көрген. Шетелдік басылымдарда жарияланған мақалалар бойынша Информатика кафедрасының ғылыми семинарларында баяндамалар жасалған. Үлкен өлшемді құрылымданбаған деректерді өңдеуге арналған бағдарламалық қамтамасына зияткерлік меншік объектісін қорғау құжаты – авторлық күелік алынған.

Зерттеу жұмысының өзектілігі, ғылыми жаңалығы және практикалық құндылығы диссертациялық жұмыста толығымен ашылып, сенімді дәлелденген.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Ғылыми дәрежелер беру ережесі» талаптарына сай орындалған. Қорыта айтқанда, Даркенбаев Даурен Кадырович «6D075100-Информатика, есептеу техникасы және басқару» мамандығы бойынша PhD философиялық докторы ғылыми дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесші
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Ақпараттық технологиялар факультеті
Информатика кафедрасының
профессоры, ф.-м.ғ.д.


Г.Т.Балакаева

РАССМОТРИЛЫП
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми кадрлар мен жаңалықтар міністерлігінің «әл-Фарабий» мемлекеттік меморандумы
даярлау және аттесттату баскармасының
зерттеу тақырыбын жаңа ғылыми дәрежесін аттесттату
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
Р.Е. Кудайбергенова



20